

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Облигациялармен екінші деңгейдегі банктер мәмілелерді жүзеге асыра алатын халықаралық қаржы үйымдарының тізбесін белгілеу туралы" 2004 жылғы 9 ақпандағы N 25 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 ақпандағы N 45 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 29 наурызда тіркелді. Тіркеу N 4151. Күші жойылды - ҚР ҚР Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.04.30. N 128 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енеді) қаулысымен.

*Күші жойылды - ҚР ҚР Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.04.30. N 128 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енеді) қаулысымен.*

Екінші деңгейдегі банктердің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне лицензиялау және шоғырландырылған қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес келтіру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Агенттік Басқармасының "Облигациялармен екінші деңгейдегі банктер мәмілелерді жүзеге асыра алатын халықаралық қаржы үйымдарының тізбесін белгілеу туралы" 2004 жылғы 9 ақпандағы N 25 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізлімінде N 2740 тіркелген,»"Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінің бюллетенінде" жарияланған, 2004 жыл, N 37-40, 1004-құжат) мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

атауында "қаржы үйымдарының" деген сөздерден кейін "және шетел әмитенттеріне арналған ең төменгі рейтингтің" деген сөздермен толықтырылсын; кіріспесінде "2" саны "5" санымен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Екінші деңгейдегі банктердің ("Standard & Poor's» немесе»Fitch»рейтинг агенттіктерінің топтастыруы бойынша)»"A"-дан төмен емес немесе ("Moody's

Investors Service" рейтинг агенттігінің топтастыруы бойынша)» "A3"-тен төмен емес шетел эмитенттерінің облигацияларымен мәмілелерді жүзеге асыра алатындығы б е л г і л е н с і н .

Екінші деңгейдегі банктер облигацияларымен мәмілелерді осы тармақта айқындалған деңгейден төмен жүзеге асыра алатын шетел эмитенттерінің рейтингі төмендеген кезде екінші деңгейдегі банктер көрсетілген төмендеу орын алған айдан кейін келетін үш күнтізбелік айдың ішінде өз қызметін осы тармақтың талаптарына сәйкес келтіреди.".

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және оның қолданысы 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған қатынастарға таратылады.

3. Стратегия және талдау департаменті (Еденбаев Е.С.):

1) Заң департаментімен (Байсынов М.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу ш а р а л а р ы н қ о л ғ а а л с ы н ;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Агенттіктің мұдделі бөлімшелеріне, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне, екінші деңгейдегі банктерге және "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастыры" заңды тұлғалар бірлестігіне жіберсін.

4. Халықаралық қатынастар және жұртшылықпен байланыс бөлімі (Пернебаев Т.Ш.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға алсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының орынбасары Е.Л.Бахмутоваға жүктелсін.

Төраға